

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 365 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда № 16100 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13353 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 14 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау, салық салу объектілерінің құнын айқындау саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) іске асыратын тауарларға (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге) бағалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Электрондық үкіметті" және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ А. Мырзахметов

2017 жылғы 7 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі
_____ М. Бекетаев

2017 жылғы 20 қараша

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
_____ Т. Дүйсенова

2017 жылғы 22 қараша

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 27 қараша

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2017 жылғы 16 қазандағы
№ 365 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2016 жылғы 26 қаңтардағы
№ 87 бұйрығына
5-қосымша

**Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын
мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау, салық салу объектілерінің құнын**

айқындау саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) іске асыратын тауарларға (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге) бағалары

№	Жұмыстардың атауы және сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормасы, адам - сағат	1 норма сағаттың құны, теңге	Көрсетілетін қызметтің ҚҚС-сыз құны, теңге
1	2	3	4	5	6
1. Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдас бөліктерін мемлекеттік техникалық тексеру (бұдан әрі – МТТ)					
1. 1. Жылжымайтын мүлік объектілерінің барлық санаттарына МТТ жүргізуге өтініштер қабылдау					
1)	Жылжымайтын мүлік объектілерінің барлық санаттарына МТТ жүргізуге өтініштер қабылдау	1 өтініш	0,363	1291,9	469
2)	мұрағаттық құжаттарды іздеу және алу	1 өтініш	0,462	1291,9	597
3)	ұсынылған құжаттарды құқықтық талдау және шығу үшін дайындық жұмыстары	1 өтініш	0,410	1291,9	530
4)	тапсырыс берушіге техникалық паспорт беру	1 паспорт	0,190	1291,9	245
2. Жылжымайтын мүлік объектілерінің барлық санаттарының (жекеменшік үйлер, саяжайлар, жеке гараждар, көппәтерлі тұрғын үйлер, көпқабатты тұрғын үйлердегі пәтерлер, тұрғын емес мақсаттағы объектілер және өзге де құрылыстар және олардың құрамдас бөліктері) жер учаскелеріне МТТ					
1. Ауданы 1000 ш.м. дейінгі құрылыс салынған жер учаскесіне бастапқы МТТ					
1)	қарапайым конфигурация	1 учаске	0,785	1291,9	1014
2)	орташа конфигурация	1 учаске	1,841	1291,9	2378
3)	күрделі конфигурация	1 учаске	2,778	1291,9	3589
2. Ауданы 1000 ш.м. астам құрылыс салынған жер учаскесіне бастапқы МТТ					
1)	қарапайым конфигурация	100 ш.м.	0,130	1291,9	168
2)	орташа конфигурация	100 ш.м.	0,166	1291,9	214
3)	күрделі конфигурация	100 ш.м.	0,284	1291,9	367
3. Негізгі құрылысқа бастапқы МТТ					
1)	бірінші санатты күрделілік	1 ш.м.	0,027	1291,9	35
2)	екінші санатты күрделілік	1 ш.м.	0,035	1291,9	45
3)	үшінші санатты күрделілік	1 ш.м.	0,046	1291,9	59
4)	Қызметтік құрылыстарға бастапқы МТТ	1 ш.м.	0,008	1291,9	10
5)	Көркейту жұмыстарына бастапқы МТТ (тас төсеу, балалар, кір ілетін, спорт алаңдары, көгалдар, пандустар, қорғаныш және басқа да элементтер)	1 ш.м.	0,003	1291,9	4
6)	Құрылыстарды (сыйымдылықтар, отын құю колонкалары, резервуарлар, газгольдерлер, эстакадалар, құдықтар, коқыс төгетін шұңқырлар және басқа да конструкциялар) бастапқы МТТ	1 объект	0,244	1291,9	315
7)	Бастапқы МТТ - техникалық паспортын дайындау	1 паспорт	1,476	1291,9	1907

8)	Жылжымайтын мүлік объектілерінің барлық санаттарына бастапқы және кейінгі МТТ кезінде техникалық паспорт тексеру	1 паспорт	0,279	1291,9	360
9.	Ауданы 1000 ш.м. дейінгі құрылыс салынған жер учаскесіне кейінгі МТТ				
1)	қарапайым конфигурация	1 учаске	0,549	1291,9	709
2)	орташа конфигурация	1 учаске	1,288	1291,9	1664
3)	күрделі конфигурация	1 учаске	2,008	1291,9	2594
10	Ауданы 1000 ш.м. астам құрылыс салынған жер учаскесіне кейінгі МТТ				
1)	қарапайым конфигурация	100 ш.м.	0,045	1291,9	58
2)	орташа конфигурация	100 ш.м.	0,100	1291,9	129
3)	күрделі конфигурация	100 ш.м.	0,158	1291,9	204
11	Негізгі құрылысқа кейінгі МТТ				
1)	бірінші санатты күрделілік	1 ш.м.	0,019	1291,9	25
2)	екінші санатты күрделілік	1 ш.м.	0,024	1291,9	31
3)	үшінші санатты күрделілік	1 ш.м.	0,032	1291,9	41
12	Қызметтік құрылыстарға кейінгі МТТ				
13	Көркейту жұмыстарына (тас тосеу, балалар, кір ілетін, спорт алаңдары, көгалдар, пандустар, қорғаныш және басқа да элементтер) кейінгі МТТ	1 ш.м.	0,002	1291,9	3
14	Құрылыстарды (сыйымдылықтар, отын құю колонкалары, резервуарлар, газгольдерлер, эстакадалар, құдықтар, коқыс тогетін шұңқырлар және басқа да конструкциялар) кейінгі МТТ	1 объект	0,171	1291,9	221
15	Кейінгі МТТ техникалық паспортын дайындау	1 паспорт	1,288	1291,9	1664
3.	Автожолдар немесе өту жолдарына МТТ				
1.	Автожолдарға және жабыны бар өту жолдарына бастапқы МТТ				
1)	бірінші санатты күрделілік	1 км	17,937	1291,9	23173
2)	екінші санатты күрделілік	1 км	29,837	1291,9	38546
3)	үшінші санатты күрделілік	1 км	44,960	1291,9	58084
2.	Топырақты автожолдар немесе өту жолдарына бастапқы МТТ				
1)	бірінші санатты күрделілік	1 км	13,911	1291,9	17972
2)	екінші санатты күрделілік	1 км	23,917	1291,9	30898
3)	үшінші санатты күрделілік	1 км	33,560	1291,9	43356
3.	Автожолдар немесе өту жолдарына бастапқы МТТ кезінде техникалық паспорт дайындау	1 паспорт	1,769	1291,9	2285
4.	Жабыны бар автожолдар немесе өту жолдарына кейінгі МТТ				
1)	бірінші санатты күрделілік	1 км	12,379	1291,9	15992
2)	екінші санатты күрделілік	1 км	20,931	1291,9	27041
3)	үшінші санатты күрделілік	1 км	31,472	1291,9	40659
5.	Топырақты автожолдар немесе өту жолдарына кейінгі МТТ				

1)	бірінші санатты күрделілік	1 км	9,7380	1291,9	12581
2)	екінші санатты күрделілік	1 км	16,742	1291,9	21629
3)	үшінші санатты күрделілік	1 км	22,372	1291,9	28902
6.	Автожолдар немесе өту жолдарына кейінгі МТТ кезінде техникалық паспорт дайындау	1 паспорт	1,509	1291,9	1949
4. Жағалауларды МТТ					
1. Жағалауды бастапқы МТТ					
1)	түсетін жері жоқ	100 м	1,460	1291,9	1886
2)	түсетін жері біреу	100 м	1,870	1291,9	2416
3)	түсетін жері екеу	100 м	2,270	1291,9	2933
4)	түсетін жері үшеу және одан да көп	100 м	2,670	1291,9	3449
2.	Жағалауға бастапқы МТТ кезінде техникалық паспорт толтыру	1 паспорт	3,320	1291,9	4289
3. Жағалауды кейінгі МТТ					
1)	түсетін жері жоқ	100 м	1,170	1291,9	1512
2)	түсетін жері біреу	100 м	1,490	1291,9	1925
3)	түсетін жері екеу	100 м	1,820	1291,9	2351
4)	түсетін жері үшеу және одан да көп	100 м	2,140	1291,9	2765
4.	Жағалауға кейінгі МТТ кезінде техникалық паспорт толтыру	1 паспорт	1,900	1291,9	2455
5. Көпірлерге, жол өтпелеріне және байланыс бағандарына МТТ					
1. 30 м. дейінгі көпірге, жол өтпелеріне және байланыс бағандарына бастапқы МТТ					
1)	Біралалық	объект	10,800	1291,9	13953
2)	Көпаралық	объект	13,500	1291,9	17441
2.	30 м. астам көпірге, жол өтпелеріне және байланыс бағандарына бастапқы МТТ	10 м	5,400	1291,9	6976
3.	Көпірлерге, жол өтпелеріне және байланыс бағандарына бастапқы МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	3,700	1291,9	4780
4. 30 м дейінгі көпірлерге, жол өтпелеріне және байланыс бағандарына кейінгі МТТ					
1)	Біралалық	объект	6,480	1291,9	8372
2)	Көпаралық	объект	8,100	1291,9	10464
5.	30 м астам көпірлерге, жол өтпелеріне және байланыс бағандарына кейінгі МТТ.	10 м	3,240	1291,9	4186
6.	Көпірлерге, жол өтпелеріне және байланыс бағандарына кейінгі МТТ кезінде паспортты толтыру	1 паспорт	2,500	1291,9	3230
6. Жолдардың астындағы құбыржолдарға МТТ					
1. Жолдардың астындағы құбыржолдарға бастапқы МТТ					
1)	бір құбырлы төсегенде	100 м	7,113	1291,9	9189
2)	екі құбырлы төсегенде	100 м	10,046	1291,9	12978
2.	Жолдардың астындағы құбыржолдарға бастапқы МТТ кезінде техникалық паспорт толтыру	1 паспорт	0,957	1291,9	1236
3. Жолдардың астындағы құбыржолдарға кейінгі МТТ					
1)	бір құбырлы төсегенде	100 м	2,207	1291,9	2851

2)	екі құбырлы төсегенде	100 м	3,664	1291,9	4734
4.	Жолдардың астындағы құбыржолдарға кейінгі МТТ кезінде техникалық паспорт толтыру	1 паспорт	0,873	1291,9	1128
7. Жасыл желектерге МТТ					
1. Жасыл желектерге бастапқы МТТ					
1)	тік аллеялар мен біртекті тұқымдар құрамымен - көшедегі көшеттер, желекжолдар және басқа да көшеттер (бірінші санат)	100 дана	2,229	1291,9	2880
2)	объектінің жекелеген бөліктерінде орналасқан ішінара қанықтырылған аллея көшеттері - аллеялар, гүлзарлар, үй жанындағы екпелер, бау-бақшалар, саябақтар және басқа да жас көшеттер (екінші санат)	100 дана	2,911	1291,9	3761
3)	құрамында бес түрлі тұқым немесе үш түрден астам жас құрамы бойынша біркелкі тұқымы бар ішінара қанықтырылған аллея көшеттер (үшінші санат)	100 дана	3,641	1291,9	4704
4)	сол объектілер тірі бұтақ шарбақтармен немесе бұталармен	100 кума метр	1,195	1291,9	1544
5)	сол объектілер бұталармен немесе жас құрамы бойынша біркелкі бір тұқымды көпжылдық гүлдермен	100 кума метр	1,544	1291,9	1995
6)	сол объектілер бұталармен немесе жас құрамы бойынша әртүрлі тұқымды көпжылдық гүлдермен	100 кума метр	1,973	1291,9	2549
7)	бау-бақша сәулетінің жабдықтары мен шағын нысандарын (орындықтар, мүсіндер, гүл құмыралары, қоқыс жәшіктері, құтылар, шамдалдар және басқа да сәулет элементтері) есепке алу	100 дана	1,617	1291,9	2089
2.	Бастапқы МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,811	1291,9	2340
3. Жасыл желектерге кейінгі МТТ					
1)	тік аллеялар мен біртекті тұқымдар құрамымен - көшедегі көшеттер, желекжолдар және басқа да көшеттер (бірінші санат)	100 дана	1,591	1291,9	2055
2)	объектінің жекелеген бөліктерінде орналасқан ішінара қанықтырылған аллея көшеттері - аллеялар, гүлзарлар, үй жанындағы екпелер, бау-бақшалар, саябақтар және басқа да жас көшеттер (екінші санат)	100 дана	2,042	1291,9	2638
3)	құрамында бес түрлі тұқым немесе үш түрден астам жас құрамы бойынша біркелкі тұқымы бар ішінара қанықтырылған аллея көшеттер (үшінші санат)	100 дана	2,552	1291,9	3297
4)	сол объектілер тірі бұтақ шарбақтармен немесе бұталармен	100 кума метр	1,129	1291,9	1459
5)	сол объектілер бұталармен немесе жас құрамы бойынша біркелкі бір тұқымды көпжылдық гүлдермен	100 кума метр	1,313	1291,9	1696

6)	сол объектілер бұталармен немесе жас құрамы бойынша әртүрлі тұқымды көпжылдық гүлдермен	1 0 0 кума метр	1,522	1291,9	1966
7)	бау-бақша сәулетінің жабдықтары мен шағын нысандарын (орындықтар, мүсіндер, гүл құмыралары, коқыс жәшіктері, құтылар, шамдалдар және басқа да сәулет элементтері) есепке алу	100 дана	1,107	1291,9	1430
4.	Кейінгі МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,492	1291,9	1928
8. Электр желілеріне МТТ					
1. Электр желілеріне бастапқы МТТ					
1)	әуе электр желісі	1 км	13,083	1291,9	16902
2)	кәбіл электр желісі	1 км	14,669	1291,9	18951
2.	Электр желілеріне бастапқы МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	2,409	1291,9	3112
3. Электр желілеріне кейінгі МТТ					
1)	әуе электр желісі	1 км	12,429	1291,9	16057
2)	кәбіл электр желісі	1 км	13,936	1291,9	18004
4.	Электр желісіне кейінгі МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,783	1291,9	2303
9. Электркөлікке МТТ					
1. Электркөлікке бастапқы МТТ					
1)	түйіспелі торап	1 км	28,611	1291,9	36963
2)	трамвай жолы	1 торап	34,333	1291,9	44355
2.	Түйіспелі тораптың радиустарын және қисық түйіндердің ұзындығын айқындау	1 торап	11,165	1291,9	14424
3.	Электркөлікке бастапқы МТТ кезінде техникалық паспорт толтыру	1 паспорт	2,311	1291,9	2986
4. Электркөлікке кейінгі МТТ					
1)	түйіспелі торап	1 км	23,175	1291,9	29940
2)	трамвай жолы	1 км	27,810	1291,9	35928
5.	Электркөлікке кейінгі МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,913	1291,9	2471
10. Су құбыры, жылу, газ, кәріз (жауындық, жалпы ағындықты қоса алғанда) жүйелері мен байланыс желілеріне МТТ					
1.	Су құбыры, жылу, газ, кәріз (жауындық, жалпы ағындықты қоса алғанда) жүйелері мен байланыс желілеріне бастапқы МТТ	1 км	12,566	1291,9	16234
2.	Құдық (бастапқы МТТ кезінде)	1 дана	3,237	1291,9	4182
3.	Енгізу (бастапқы МТТ кезінде)	1 дана	0,660	1291,9	853
4.	Су құбыры, жылу, газ, кәріз (жауындық, жалпы ағындықты қоса алғанда) желілері мен байланыс жүйелеріне бастапқы МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,501	1291,9	1939
5.	Су құбыры, жылу, газ, кәріз (жауындық, жалпы ағындықты қоса алғанда) жүйелері мен байланыс желілеріне кейінгі МТТ	1 км	10,681	1291,9	13799

6.	Құдық (кейінгі МТТ кезінде)	1 дана	2,752	1291,9	3555
7.	Енгізу (кейінгі МТТ кезінде)	1 дана	0,561	1291,9	725
8.	Су құбыры, жылу, газ, кәріз (жауындық, жалпы ағындықты қоса алғанда) жүйелері мен байланыс желілеріне кейінгі МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,252	1291,9	1617
11. Теміржолдарға және метроға МТТ					
1. Теміржолдарға және метроға бастапқы МТТ					
1)	тік желілі учаске	1 км	5,067	1291,9	6546
2)	қисық желілі учаске	1 км	6,068	1291,9	7839
2.	Тоннель		2,739	1291,9	3539
3.	Темір жол тақауы	1 дана	2,658	1291,9	3434
4.	Темір жол ылдиы	1 дана	2,713	1291,9	3505
5.	Көркейту (жарықтандыру, платформалар, кіреберіс автомобиль жолдары, қоршау және басқа да конструкциялар)	объект	2,053	1291,9	2652
6.	Темір жол нұсқары	1 дана	1,074	1291,9	1388
7.	Бастапқы МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,965	1291,9	2539
8. Теміржолға және метроға кейінгі МТТ					
1)	тік желілі учаске	1 км	3,531	1291,9	4562
2)	қисық желілі учаске	1 км	4,088	1291,9	5281
9.	Тоннель	1 км	2,057	1291,9	2657
10	Темір жол тақауы	1 дана	1,701	1291,9	2198
11	Темір жол ылдиы	1 дана	1,764	1291,9	2279
12	Көркейту (жарықтандыру, платформалар, кіреберіс автомобиль жолдары, қоршау және басқа да конструкциялар)	объект	1,668	1291,9	2155
13	Темір жол нұсқары	1 дана	0,766	1291,9	990
14	Кейінгі МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,216	1291,9	1571
12. Бөгетке, дамбаға МТТ					
1. Бөгетке, дамбаға бастапқы МТТ					
1)	ұзындығы 30 м дейін	1 объект	7,140	1291,9	9224
2)	ұзындығы 30 м астам	10 м	10,710	1291,9	13836
2.	Бөгетке, дамбаға бастапқы МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	1,170	1291,9	1512
3. Бөгетке, дамбаға кейінгі МТТ					
1)	ұзындығы 30 м дейін	1 объект	6,070	1291,9	7842
2)	ұзындығы 30 м астам	10 м	9,100	1291,9	11756
4.	Бөгетке, дамбаға кейінгі МТТ кезінде техникалық паспортты толтыру	1 паспорт	0,870	1291,9	1124

13. Жер учаскесіндегі ғимараттар мен құрылыстарды толық бұзуды анықтау					
1.	Ғимараттар мен құрылыстарды толық бұзуды анықтау	1 учаске	1,221	1291,9	1577
2.	Ғимараттар мен құрылыстарды толық бұзуды ресімдеу	1 құжат	0,459	1291,9	593
14. Жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттың телнұсқасын беру					
1.	Құжаттарды қабылдау (өтініштер, көрсетілетін қызметке төленгені туралы түбіртек) және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер қорында жылжымайтын мүлік объектісін іздеу	1 өтініш	0,190	1291,9	245
2.	Мұрағат қорынан жылжымайтын мүлік объектісінің түгендеу ісін іздеу және алу	1 өтініш	0,462	1291,9	597
3.	Түгендеу ісін құқықтық талдау және техникалық паспорттың телнұсқасын ресімдеу	1 телнұсқа	0,550	1291,9	711
4.	Техникалық паспорттың телнұсқасын беру	1 телнұсқа	0,120	1291,9	155
15.	Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың , құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу	1 қызмет	6,75	652,3185	4403,15
2. Салық салу объектілерінің құнын айқындау					
1.	Бағалау жүргізуге дайындық және ақпаратты сүйемелдеу	1 объект	0,940	289,4	272
2.	Пәтерді бағалау	1 объект	0,330	289,4	96
3.	Жеке тұрғын үйді, саяжайды бағалау	1 объект	0,360	289,4	104
4.	Гаражды, паркингті бағалау	1 объект	0,200	289,4	58

Ескертулер:

ҚҚС – Қосылған құн салығы;

ЭҮП – "электрондық үкімет" порталы;

ш.м. – шаршы метр;

пм – погонды метр дана - дана(лар).